

Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын "Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Қайранкөл ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақыларына ынталандыру үстемеақыларын белгілеу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының 2025 жылғы 6 наурыздағы № 26/7 шешімі

Ескерту. 01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі және 31.12.2025 дейін қолданылады – осы шешімнің 2-тармағымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағы 15) тармақшасына, "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысының 5-тармағы 3) тармақшасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын "Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Қайранкөл ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақыларына ынталандыру үстемеақыларын белгілеу тәртібі мен төлеу шарттары Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Қайранкөл ауылдық округі әкімінің айқындалған шешімімен осы шешімнің қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Осы шешім 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады.

Жамбыл ауданы мәслихатының төрайымы

Л. Топорова

Солтүстік Қазақстан облысы
Жамбыл ауданы мәслихатының
2025 жылғы 06 наурыздағы
№ 26/7 шешіміне қосымша

"Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Қайранкөл ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақыларына ынталандыру үстемеақылар

№ р/н	Лауазымдардың толық жазылуы (атауы)	Лауазымдық айлықақыға үстемеақы
1	2	3
1.	хатшы	30%
2.	аударма жөніндегі редактор	30%

3.	жүргізуші	50%
4.	аула тазалаушы	30%
5.	қызметтік орын жайларды тазалаушы	30%
6.	қазандық машинисі (от жағушы)	30%
7.	мәдени ұйымдастырушы	30%
8.	күзетші	30%
9.	ғимаратқа қызмет көрсету бойынша жұмысшы	30%

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ